Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!

Нұрлы жол

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№44 (3207), сенбі, 1 июнь, 2024 жыл

БҰХАРАДА ТЕК ТУРИЗМ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ӨНЕРКӘСІП ТЕ ЖЕТЕКШІ САЛАҒА АЙНАЛАДЫ

Президент Шавкат Мирзияев 31 май күні экономиканың түрлі салаларында жүзеге асырылып жатқан жобалармен, ірі нысандардың құрылысына старт беру, махаллалардың өмірімен танысу үшін Бұхара облысына барды.

Сапар қайырлы істен — Бахауддин Нақшбанд кесенесін зиярат етуден басталды. Құран аяттары оқылып, халқымызға тыныштық-амандық тілеп, бата жасалды.

Мемлекет басшысының бастамасымен кешен одан әрі абаттандырылып, тарихи ақиқат тіктелуде. Зиярат барысында осы істермен танысты.

Ең алдымен Тоқи мияна қақпасынан кіретін тарихи жолақ қалпына келтірілді. Зияратшылар Бахауддин Нақшбанд кесенесіне дәстүр бойынша құбыла жақтан кіреді.

— Жүз жыл бойы ойрандалып жатқан бұл қақпаны тіктегеніміз — өздігімізді ұғыну, тарихқа құрметіміздің көрінісі, — деді Шавкат Мирзияев. — Енді бұл жердегі әрбір ескерткіштерге, хандардың бейіттеріне жазу жазып қою керек. Зияратқа келгендер бірте-бірте тарихты үйреніп, рухани нәр алсын.

Тоқи мияна қақпасының екі жаны баққа айналдырылған. Мұражай мен тақаратхана құрылған. Жойылып бара жатқан Дониял би медресесі тіктелуде.

Ғалымдармен сұхбатта Бахауддин Нақшбанд мұрасын терең үйрену туралы пікір алысылды. Шет мемлекеттерден деректерді алып келу, ғылыми ізденістерді қолдап-қуаттау, мұражайды Имам Бұхари кешеніндегідей мазмұнмен байыту қажет екені айтылды. Сондай-ақ зияратшылар, соның ішінде шетелдік туристер үшін қолайлылықтарды кеңейту, кез келген маусымға сай жағдайлар жарату бойынша нұсқаулар берді.

Жауаптыларға осыларды қамти отырып, ғалымдардың ұсыныстары негізінде қаулы қабылдау тапсырылды.

Президент Шавкат Мирзияевтың Бұхара облысына сапары қарсаңында “Қаракөл” еркін экономикалық аймағында “Enpipe” кәсіпорны іске қосылды.

Жалпы құны 58 миллион долларды құрайтын жоба толығымен шетелдік инвестиция есебінен жүзеге асырылды. Қытайдан, Түркиядан, Нидерландтан және Испаниядан заманауи қондырғылар әкелініп, жылына 300 мың тонна металл құбырлар өндіру жолға қойылған.

Тікелей тігіс стилінде жасалған бұл құбырлар жоғары қысымға және сыртқы әсерлерге төзімділігімен ерекшеленеді. Бұрын мұндай өнімдер негізінен шетелден әкелінетін. Тасымалдауда көп орын алатын құбырлардың көлеміне байланысты бағасы да қымбаттайтын.

Қазір мұнда түрлі қалыңдықтағы металдар лист түрінде әкелініп, осы жерде дайындалуда. Нәтижеде құны 25 пайызға арзандады.

Газ-химия және тау-кен өнеркәсібі, құрылыс және басқа да салаларда мұндай төзімді құбырлар жоғары сұранысқа ие. Атап айтқанда, бұл жерде құрылып жатқан МТО газ-химия кешенінде де осы қолданылуда.

Кәсіпорында 400-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Мемлекет басшысына кәсіпорынның жоспарлары мен алдағы кезеңдері жайлы ақпарат берілді.

Бұл жобаның екінші кезеңін жүзеге асыру жұмыстары басталды. Ол әртүрлі көлемдегі қысымға төзімді резервуарларды шығарады. Тағы 500 жаңа жұмыс орны ашылады.

Жоба толық қуатпен жұмыс істесе, 121 миллион долларлық өнімдер шығаруға болады. Кәсіпорынның экспорттық әлеуеті одан әрі артады.

Мемлекет басшысы осында БАҚ өкілдерімен әңгімелесті.

— Бүгін Бұхараға келуіміздегі мақсат — 2 миллионнан астам тұрғынның тұрмысын жақсарту, табыс көзін жарату, кембағалдықты қысқарту. Облыстың көптеген жерлерінде егін егу үшін жерді тұздан жуып тастау керек. Сондықтан біз салаға көбірек көңіл бөліп отырмыз. Бұл зауытты да не үшін салдық? Мұндай құбырларды әкелу үшін қыруар қаржы жұмсайтынбыз. Бүгін біз жаңа ғимараттардың құрылысын бастаймыз. Олардың айналасында бірнеше кәсіпорындар, жұмыс орындары пайда болады. Нәтижесінде адамдардың үйіне нұр, сенім мен үміт кіреді. Сол үміт бізді біріктіреді, — деді Президент.

Облыс өнеркәсібінде “Қаракөл” еркін экономикалық аймағы тағы бір мекен болмақ. Бұл аумақ Өзбекстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 августағы тиісті қаулысы негізінде құрылған. Оның жалпы алаңы 566 гектарды құрайды, онда 5 ірі жоба орналасқан. Олар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, соңында үш мыңға жуық жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Мемлекет басшысы Бұхара облысының өнеркәсіп көрмесімен және жаңа инвестициялық жобалармен танысты.

Өнеркәсіп салаларында өндірілген өнімдер мен жоспарланған жобалар бір уақытта таныстырылды.

Көрмеде жылу жүйелеріне арналған үлкенді-кішілі қазандықтар, ауыр және жеңіл өнеркәсіпке арналған бөлшектер, әртүрлі көлемдегі және сыйымдылықтағы тоңазытқыштар, электртехникалық жабдықтар, мотоциклдер сарапқа салынды. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды реттеу механизмі көрсетілді.

Соңғы жеті жылда облысқа дерлік 4 миллиард долларлық инвестиция тартылды. Соның нәтижесінде 90 мың жұмыс орны ашылып, 1 миллиард 800 миллион долларлық экспорт мүмкіндігі жаратылған. Биыл облыста жалпы құны 1 миллиард 300 миллион долларды құрайтын 607 жоба жүзеге асырылуда.

Бұхара облысында шетелдік инвесторлар мен жергілікті кәсіпкерлердің күшімен жалпы құны 14 миллиард долларды құрайтын 80 жоба жасалған. Соның 4 миллиард долларлық 14-ін инвесторлар мен сала басшылары бірлесіп ұсынды.

Жобаларға Қытай, Ресей, Түркия, Германия, Сауд Арабиясы, Үндістан, Малайзия, Оңтүстік Корея сияқты елдердің компаниялары инвестиция салуда. Жобалар құрылыс материалдары, электртехника, химия, тоқыма, азық-түлік, фармацевтика, медицина, тау-кен өнеркәсібі, балық шаруашылығы және басқа да салаларды қамтыған.

Мысалы, Қытаймен ынтымақтастықта Ғыждуан ауданында қуаты 600 МВт-ға тең жел электр станциясын салу, малайзиялық инвестордың Пешку ауданында графит кенін игеру және электрскутерлерге арналған аккумуляторлар шығаруды ұйымдастыру, ал ирандық инвесторлар Бұхара ауданында химиялық кластер құру жобаларын жүзеге асыру жоспарланған.

Осы 80 жобаны іске қосу нәтижесінде 22 мың 200-ден астам адам жұмыспен қамтылады.

Президентіміз қосылған күн өнімдерін және жергіліктендіруді көбейту, қызметтерді дамыту бойынша қосымша тапсырмалар берді.

Бұхаралық ардагерлер адам мүддесі әлеуметтік мемлекет қағидаты негізінде қамтамасыз етіліп жатқанын айтты. Заманауи мектептер мен институттар құрылуда, балалардың білім алу мүмкіндіктері кеңеюде. Тұрғындардың денсаулығы тұрақты бақылауда.

Экономикалық-әлеуметтік бағдарламалардың нәтижесінде аудандарға өнеркәсіп кіріп баруда, махаллалар көркейіп келеді. Кәсіпкерлік пен өзін-өзі жұмыспен қамтуға кең жол ашылды.

Сайхұнабад тәжірибесіне сүйене отырып, экономикалық кешен ұйымдары аз қамтылған отбасылармен жұмыс істеп, олардың табыс табуына көмектесуде. Есік алды жерлері тиімді пайдаланылуда.

Бұл еліміздің молшылығы мен әл-ауқатын, әлеуметтік ортаның тұрақтылығын нығайтып отырғаны айтылды. Ардагерлер Бұхарада іске қосылып, салынып жатқан кәсіпорындардың халықты жұмыспен қамтуда маңызы зор екенін атап өтіп, мемлекет басшысына ризашылықтарын білдірді.

Мемлекет басшысының аумақтарға сапары үлкен жобаларға негіз болуы игі дәстүрге айналды. Бұл жолы да солай болды — Бұхара облысында ірі энергетикалық-көлік кешендерінің құрылысы басталды.

Соңғы 5 жылда елімізде қайта өңдеу өнеркәсібінің көлемі 1,4 есе артып, тек соңғы жылдың өзінде 553 триллион сумды құрады. Бұхарада бұл көрсеткіш 1,6 есе өсіп, 30 триллион сумға жетті.

Облыста құны 7 миллиард долларды құрайтын шетелдік инвестициялар есебінен 41 және осыған тең 39 жергілікті жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Енді тағы үш ірі нысанды — газ-химия кешенін, күн электр станциясын, Бұхара халықаралық әуежайын салу жоспарлануда.

Осыған орай өткен салтанатты шарада Президент Шавкат Мирзияев бұл жобалардың маңыздылығына тоқталды.

Соның бірі — “Қаракөл” еркін экономикалық аймағында салынатын газ-химия кешені. Бұл “methanol to olefins” (MTO) технологиясы негізінде жұмыс істейтін еліміздегі алғашқы зауыт болмақ.

Жоба аясында 5 миллиард долларға жуық инвестиция тартылып, АҚШ, Германия, Дания, Австрия, Италия және Қытайдың ең озық технологиялары әкеліп орнатылады. Бірыңғай кешен аясында жылына 1,3 миллиард текше метр табиғи газ, 430 мың тонна нафта қайта өңделіп, елімізде және әлемдік базарда жоғары сұранысқа ие 1,1 миллион тонна полимер өнімдері өндіріледі. Есеп-қисап бойынша мұндай өнімдер газ бағасымен салыстырғанда 5 есе көп қосымша құн береді.

Жаңа зауытта 2 мың адам жұмыспен қамтылады. Сондай-ақ құрылыс, тоқыма, былғары-аяқ киім, автомобильжасау, электртехника және басқа да ұқсас салаларда ондаған кәсіпорындарды, тағы 4 мың жұмыс орнын жаратуға ықпал етеді.

Бұл жобалардың іске қосылуының нәтижесінде Бұхарада туризм ғана емес, өнеркәсіп те нағыз “драйверге” айналады.

Тұрақты экономикалық өсу электр энергиясына деген сұранысты жылына орта есеппен 6 пайызға арттырады. Сондықтан бұл жерлерде жаңа генерациялық қуаттар салынуда.

Соңғы жылдары 2 миллиард долларлық шетелдік инвестиция есебінен қуаттылығы 2 гигаватт болатын 10 күн және жел электр станциясы желіге қосылды. Бүгінде шетелдік серіктестермен жалпы сомасы 19 миллиард долларлық 18,3 гигаватт болатын 32 “жасыл” генерация қуаттары құрылуда.

Биылдың өзінде 14 күн және жел электр станцияларының алғашқы 2,6 гигаватты желіге қосылады. Соның нәтижесінде елімізде өндірілетін жалпы қуаттағы баламалы энергияның үлесі 9 пайыздан 15 пайызға дейін артады. Жалпы, 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 40 пайызға жеткізу көзделген.

Әрине, бұл жерде күн шуақты Бұхараның орны бөлек. Қазірде облыста 4,5 миллиард долларға жуық шетел инвестициясы есебінен қуаттылығы 4 гигаватт болатын 9 ірі жоба жүзеге асырылуда.

Енді олардың қатарын Біріккен Араб Әмірліктерінің “Masdar” компаниясы салатын 250 мегаваттық күн электр станциясы толықтырады. Бұл жобаға Олот ауданынан 648 гектар жер бөлінген. Станцияны 2025 жылдың декабрь айында бірыңғай электр желісіне қосу жоспарлануда.

Сондай-ақ, Бұхара облысында Сауд Арабиясының “ACWA Power” және Қытайдың “Gezhouba” компаниялары баламалы энергетикалық кешендерді салуда. 2030 жылға қарай облыстың қуаттылығы 9 есеге артып, жылына 12,5 миллиард киловатт сағат “жасыл” энергия өндіріледі.

Старттағы тағы бір жоба — жаңа халықаралық әуежай.

Еліміздің ашықтық саясатының нәтижесінде әлеммен қарым-қатынас жеделдеді. Өзбекстанда 90-нан астам елдің азаматтары үшін визасыз режим енгізілді.

Соның нәтижесінде елімізге келушілер саны артты. Соңғы 2 жылда қызмет экспортының 40 пайызы туризм саласына тиесілі. 283 қонақүй, 486 хостел, 1200 отбасылық қонақүй салынды. Туризм ағыны 35 пайызға артты.

Атап айтқанда, тек 2023 жылы Бұхараға 1 миллион 400 мыңға жуық шетелдік саяхатшы келген.

Мұндай факторлар облыстың халықаралық әуежайындағы рейстер санын арттыруды талап етеді. Сондықтан жекеменшік серіктестік негізінде Бұхара ауданында жаңа халықаралық әуежай салу жоспарлануда.

Құны 226 миллион долларды құрайтын бұл жоба аясында әуежайдың инфрақұрылымы әлемдік стандартқа сай құрылады. Сағатына 1200 жолаушыға қызмет көрсетуге мүмкіндік туады. Жолаушылар мен әуе кемелеріне қызмет көрсету сапасын арттыру арқылы жаңа халықаралық әуе компаниялары тартылады.

Президент Шавкат Мирзияев рәміздік түймені басып, бұл кешендердің құрылысын бастады.

Мұнда Бұхара облысында салынуы жоспарланған кешендер, соның ішінде жаңа әуежай жобасы таныстырылды.

Мемлекет басшысы Қаракөл ауданындағы “Жаңа Өзбекстан” массивінде болды.

Аумақта бұрын соңды мұндай ауқымды құрылыс болмаған. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 13 августағы қаулысына сәйкес “Қаракөл” еркін экономикалық аймағы құрылғаннан кейін бұл сала қарқынды дамыды. Оның зауыттарында алдағы уақытта мыңдаған адам жұмыспен қамтылады. Сонымен қатар, еліміздің басқа өңірлерінен де мамандар келіп жұмыс істейді. Оларға қолайлылық пен отбасыларына лайықты жағдай жасау үшін осы экономикалық аймақтың жанынан жаңа массив салынуда.

Жоба екі кезеңді, 1380 пәтерлік 71 көпқабатты тұрғын үй, білім және медициналық мекемелер, махалла орталығы және қызмет көрсету нысандарын құру жоспарлануда.

Қазір бірінші кезеңде 12 көпқабатты тұрғын үй, мектеп, балабақша, емхана пайдалануға берілді.

Президент осында махалла өкілдерімен әңгімелесті.

— Махаллада “жетілік” кеңесіп жұмыс істесе жұмыссыздық та, қылмыс та болмайды. Бұл үшін олардың өкілеті жеткілікті. Жауапты ұйымдар тартылып, халықтың табыс табуына көмектесу керек. Мектептердегі білім сапасынан хабардар болып, түлектерді жоғары оқу орындарына, пайдалы кәсіптерге бағыттау қажет, — деді мемлекет басшысы.

Айнала мен жол жиегін абаттандыру бойынша тапсырмалар берілді. Алдағы уақытта аумақта демалыс саябағы мен жүзу бассейндері бой көтермек. Бос жерлерге ағаштар отырғызылып, саябаққа айналады.

Президент Шавкат Мирзияев Қаракөл ауданында жаңа жоба негізінде жөнделген жолды аралап көрді.

Бұхара облысында 15400 шақырым автомобиль жолы бар. Оның 486 шақырымы халықаралық маңызы бар. Оларда күніне орта есеппен 45-50 мың көлік жүреді. Үстіміздегі жылдың 29 январында өткен бейнеселектор жиналысында мемлекет басшысы осы салаға ерекше назар аударып, жолдарды сапалы салу және көше бойындағы қызмет көрсету саласын дамыту жөнінде тапсырмалар берген болатын. Осыған байланысты барлық аумақтарда жұмыстар басталып кетті.

Атап айтқанда, Самарқант — Бұхара — Түркіменбасы тас жолының Қаракөл ауданы арқылы өтетін бір бөлігі макетке айналдырылды. Жоба бойынша 4 жолақты жолға жаңа асфальтбетон қабаты төселді. Төзімділігі жоғары инновациялық материалдарды қолданудың арқасында жолдың сапасы артты. Мысалы, қазіргі дәстүрлі асфальт жолдар жаңа жоба бойынша он бес жыл шамасында қайта салынса, жиырма жылға дейін қызмет етеді. Олардың ағымдағы жөндеу аралықтары да ұзартылады. Тағы бір артықшылығы — жөндеу жұмыстары кезінде жол қабаттарын сол жерде қайта өңдеп, жаңартуға болады.

Мемлекет басшысы халық игілігіне бағытталған мұндай шараларды кеңейту қажеттігін атап өтті.

— Басты міндет — жолдардағы сапа мен мәдениетті қамтамасыз ету, — деді Шавкат Мирзияев.

Жаңа жобада бұл мәселе де ескерілген. Жолдың сапасын сақтау мақсатында нормадан асатын жүктерді тасымалдайтын көліктердің салмақ параметрлерін өлшейтін көшпелі таразы орнатылады.

Мұнда да тармақталған жол салынды. Жаңа белгілер, электронды таблолар және күн батареяларымен жарықтандыру орнатылды. Жол бойына сәндік ағаш көшеттері отырғызылған.

Президент жол салумен қатар ағаш егу жұмыстары да жүргізілуі тиіс екенін қадап айтты.

Мұнда көліктік және сәулеткерлік жобалар ұсынылды.

Бұхара облысында бұл тұрғыда көптеген жоспарлар бар. Бұған дейін бір жылда орта есеппен 250-300 шақырым жол жұмыстары жүргізілсе, 2023 жылдың өзінде 1255 шақырым жол жөнделді. Биыл аумақ бойынша 1316 шақырым жолды қайта жаңғырту және жөндеу жоспарлануда.

Соның жалғасы ретінде Ғыждуан ауданынан Түркіменстан шекарасына дейінгі 155 шақырым жолды қайта жөндеу жобасы бекітілді.

Жол құрылысы саласында кадрлар даярлауды, мамандарды дамыған елдерде оқытуды ұйымдастыру қажет екені баса айтылды.

Бұхара қаласын дамыту концепциясы да қаралды. Соған орай, қалада “Жаңа Өзбекстан” массиві мен саябақ салу жоспарлануда. Бақта Бұхара тарихын заманауи тәсілдер негізінде көрсету жоспарлануда. Аталған жобаның концептуалды мазмұны мен техникалық-экономикалық негіздерін әзірлеу бойынша нұсқаулар берілді.

Президент Шавкат Мирзияевтың Бұхара облысына сапары жалғасуда.

З.ЖОНИБЕКОВ,
И.АВВАЛБОЕВ,
З.КОМИЛОВ,
ӨзА-ның тілшілері.

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

Шара

ӘЛЕМДІ БАЛАЛАРҒА БЕРЕЙІК

Балалардың көзіндегі қуанышты сезіну керек.

Ш.МИРЗИЯЕВ

Жас та өскелең ұрпақ — біз алға қойған жаңа кезең, яғни Жаңа Өзбекстанның ең үлкен баға жетпес байлығы, жарқын болашағы. Сондықтан бүгінде Президентіміздің бастамасымен елімізде мектептен тыс білім беру жүйесін жетілдіру бағытында бірқатар жүйелі реформалар жүзеге асырылуда. Халықаралық балалар күні әлемнің түкпір-түкпіріндегі балаларға қуаныш сыйлайтын мейрам ғана емес, кішкентайлардың құқығын қорғап, оларға қамқор болуға, әлімжеттік, қысым жасамауға үндейтін мейрам. Сондай-ақ кемістігі бар, жетім, тұрмысы нашар отбасынан шыққан балаларды қорғауға, қолдауға шақыратын күн. Сол күні қорғау шараларынан тыс, олардың көңіл күйін көтеретін концерттер де болады.

Осындай іс-шаралардың мысалы әрі жалғасы ретінде 1 июнь — Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігіне қарасты "Баркамол авлод" Республикалық балалар мектебі Өзбекстан Республикасы Президенті Әкімшілігі жанындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігімен ынтымақтастықта 30 май күні Ғафур Ғұлам атындағы "Dream park" демалыс саябағында "Балғын балалық" атты рухани-ағарту шарасын ұйымдастырды.

Шарада Өзбекстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Отбасы және әйелдер комитетінің төрайымы З.Махкамова, мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрі Х.Умарова, оның орынбасары Ф.Боқиев, Г.Бозоров, Өзбекстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің жанындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігі директорының орынбасары қатысты.

"Кітап — білім бұлағы" демекші, шара аясында Өзбекстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жанындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің ұйымдастыруымен "Балалар кітабы фестивалінің" салтанатты ашылу рәсімі өтті. 18-ге жуық баспа үйі өз баспаларынан шыққан 25 мыңдай әртүрлі жанрдағы түрлі жастағы тұлғаларға арналған кітаптарымен қатысты.

Мереке үлкен-кіші кітапсүйер қауымды бірдей қамтып, зор қызығушылық оятты. Ол арнайы мектеп-интернат пен Балалар үйінің оқушыларына, сондай-ақ инклюзивті білім беру клубының мүшелеріне қолдау көрсету мақсатында өткізілді. Онда клуб мүшелерінің шығармашылық қойылымдары, оқушылар арасында сұрақ-жауап викторинасы, спортпен шұғылданатын балалардың қойылымдары, эстрада әншілерінің әсем әндері мен балмұздақ кеші болды.

Шара барысында Республикалық "Баркамол авлод" балалар мектебінде жақсы оқып, үздік бітірген оқушыларды марапаттау рәсімі өтті. Оларға балмұздақ, тәтілер ұсынылды. Балалар арасынан зерек оқушылар анықталып, оларға мындаған кітап арасынан өздеріне ұнаған кітаптарды тегін алу құқығы берілді. Біздің балалық шағымыз — біздің дастанымыз, шытырманға толы хикаямыз. Мерекеге орай өткізілген іс-шара балалардың есте қаларлық және ұмытылмас сәттеріне, балалық шағының ерекше аңсайтын естеліктерінің біріне айналса ғажап емес.

Гүлзат ҚҰРБАНОВА,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.
Суреттерде: шарадан көріністер.

Цифрлық технологиялар

IT ҚАЛАШЫҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ КӨЗДЕЛУДЕ

Президент Шавкат Мирзияев өткен жылдың 20 декабрінде Цифрлық технологиялар министрлігіне сапары барысында елімізде цифрлық технологияларды дамыту, жастарды қолдау шаралары мен осы саладағы жобалар туралы тапсырма берген болатын.

Соңғы жылдары бұл сала өте жедел дамып, мамандар мен қызмет көрсетулер саны артып келеді. Ақпаратқа сәйкес, 70 мыннан астам жас IT саласымен өздігінен шұғылданады. Аумақтарға қарасақ, IT қызметтері экспортының негізгі үлесі Ташкент қаласына тиесілі. Сондықтан шалғай аудандарда бұл саланы дамыту мақсатында IT қалашықтарын ұйымдастыру көзделді.

— Бұл жоба бойынша мұндай қалашықтар бастапқыда 15 облыста салынады, — дейді "IT Park" Жызақ облыстық филиалының басшысы Адхамхон Абдуллаев. — Шымбай, Ғыждуан, Замин, Шароф Рашидов, Фориш, Хатирчи, Поп, Шахрисабз, Қушработ, Сарыасия, Сырдария, Паркент, Ташлоқ және Тупроқ қала аудандары және Ханабад қаласында ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл қалашықтарда жылына 10 мың жас IT, шет тілі және басқа да заманауи мамандықтарға тегін оқытылады.

Қазіргі таңда облысымызда IT Park резиденттік кәсіпорындарының саны 42-ні құрайды. 2023 жылдың басында резидент кәсіпорындарда 189 қызметкер жұмыс істесе, оның 3-і шетелдік капиталдың қатысуымен құрылды, 2023 жылдың басында облыста IT-қызметтер экспортымен айналысатын 2 кәсіпорын болды. Ал бүгінде олардың саны 7-ге жетті. Өңірде IT-қызметінің көлемін ұлғайту және оларды әрбір қала және аудандарға экспорттау жоспарлары жасалды. Олармен қанырап бос тұрған ғимараттарды жөндеп, IT-компанияларға тегін жалға беру, IT-парктің жаңа резиденттерін табу, фрилансер ретінде жұмыс істейтін жастарды саладағы кәсіпкерлікке баулу, облыс жастарын заманауи технологиялар мен шет тілдеріне үйрету жұмыстары жүргізілуде.

Жуырда Цифрлық технологиялар министрі Шерзод Шерматов Жызақ қаласындағы "KROXUS SOFT" кәсіпорнында болып, компанияның қызметін тексерді. Бұған қоса министр IT-қызметтерін шетелдерге экспорттауды жоспарлап отыр. Осыған орай өңірдегі жас бағдарламашыларға қолайлы жағдай жаратып, компьютер техникаларымен жабдықтау жоспарлануда. Жаңа мүмкіндіктерге байланысты 2024 жылы IT-қызметтерінің көлемі екі есеге, экспорт 800 миллион долларға жетеді деп күтілуде.

Айдана МЕДЕНОВА,
"Нұрлы жолдың" меншікті тілшісі.
Жызақ облысы.

Семинар

БАЛАЛАР ҮШІН ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ ЖОСПАРЛАНУДА

Балалардың 2024 жылғы жазғы сауықтыру маусымы Науаи облысы әкімдігінің, Өзбекстан кәсіподақ ұйымдары Федерациясы облыстық кеңесінің, Жастар істері басқармасының, облыстық балаларды сауықтыру басқармасының ұйымдастыруымен "Жастар орталығында" семинар өтті.

Оған Науаи облысы әкімдігі хатшылығының меңгерушісі Д.Эгамов, Өзбекстан кәсіподақ ұйымдары Федерациясының Науаи облысы кеңесінің төрағасы Н.Тоғаева, Балалар сауықтыру басқармасы облыстық бөлімінің басшысы М.Мансуров пен Науаи облысы Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Ж.Абраматов және тиісті мекемелер, қоғамдық ұйымдар, балалар сауықтыру лагерьлерінің басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Семинарда атап өтілгендей, бүгінде лагерьлер тек дене шынықтыру орны ғана емес, балаларымыздың рухани және интеллектуалдық әлеуетін жетілдіретін орталықтар болып табылады. Барлық лагерьлерде кітапханалар, түрлі үйірмелер, спорт секциялары жұмысы жолға қойылды. Маусым сайын балаларға арналған шет тілі үйірмелерін ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінбек. Балаларға арналған фильмдер жинағы, мәдени-ағарту және спорттық іс-шараларға арналған сценарийлер жинағы бар кітаптар берілмек. Семинарда 2023 жылдың жазғы маусымында анықталған кемшіліктер мен проблемаларды жоюға жауапты сала өкілдерінен құралған үйлестіру тобының ағымдағы маусымға арналған міндеттері мен жоспарлары айқындалды.

Биылғы маусымда Науаи облысындағы 18 лагерьде барлығы 15 490 баланың демалуы жоспарлануда.

Г.НАРЫНБЕТОВА

Экология

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ

Жуырда Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасында Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналып "Табиғат әлемін кітаппен үйренемін" атты көрме ұйымдастырылды.

1972 жылдан бері 5 июнь БҰҰ Бас Ассамблеясы тарапынан Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні ретінде атап өтіледі. Ондағы басты мақсат — қоршаған ортаның ластануының алдын алу, соның салдарынан болатын мындаған қатерді болдырмау, сонымен қатар қауіп-қатерлерден адамдарды хабардар ету. Мұнымен Біріккен ұлттар ұйымы қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жауапты өкілдері адамзат тағдырына айтарлықтай қатер төндіретін қоршаған ортаға байланысты проблемалардың алдын алуды көздейді. Сөйтіп жылда осы мәселенің онды шешімін табу үшін бірнеше игі іс-шараларды жоспарлап, оның орындалуына барлық аймақ және аумақтарды жұмылдырады.

Кітапханада ашылған көрме де міне осы игі мақсатқа қызмет етеді. Оқырмандар арқылы қоршаған ортаны қорғау мәдениетін арттыру, өскелең ұрпақтың қоршаған ортаны қорғау сияқты міндетін түсініп, оны мінсіз атқаруға шақыру.

Көрменің кітапханада ашылуынан да өзіндік мақсат көзделген. Кітапсүйерлер осы міндетті басқаларға қарағанда тереңірек түсінуімен ерекшеленеді. Сөйтіп айналасына қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы мен тиімділігін әсерлі әрі нәтижелі етіп насихаттап отырады.

Қазірде көрмеге қызығушылық жоғары. Оның қаншалықты нәтиже беретіні уақыт еншісінде.

Уақыт — сыншы

БІЛІМДІГЕ ЖОЛ АШЫҚ

Оқу жылы аяқталып, оқушылардың асыға күтетін жазғы демалысы да басталды. Кей оқушылар жыл бойы алған білімін сын ортасына салып, емтихан тапсырып жүрсе, ал тағы басқалары оқушылар үшін қызыққа толы жазғы лагерьлерді асыға күтуде. Бір сөзбен айтқанда, жазғы демалысты қалай өткізу жоспары оқушылардың, ата-аналардың еншісінде.

Дегенмен оқушылар білім алудан, оқу-ізденуден үзіліп қалған жоқ. Бұл орайда Ахангаран қалалық Ішкі істер басқармасы, Республикалық Руханият және ағарту орталығының Ахангаран қалалық бөлімі, қалалық Жастар істері бөлімі, сондай-ақ қалалық Мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөліміне қарасты №3 жалпы орта білім беретін мектебі өзара ынтымақтастықта едәуір істерді атқаруда.

Атап айтқанда, жуырда аталмыш жалпы орта білім беретін мектептің спорт залында 3-сектор жастарының арасында "Заковат" интеллектуалдық ойыны ұйымдастырылды. Демалыстың кезі болса да, жарысқа көпшілік оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысуда. Жарыста оқушылар алған білімі мен біліктілігін ортаға салды. Оларға берілген сұрақтар да оқушыларды оқуға, ізденуге, ой-өрісін кеңейтуге қызмет етеді.

Жарыс соңында оқушылардың қызығушылығы мен жігерлілігін одан әрі арттыру мен ынталандыру мақсатында ойында жеңімпаз атанған білімді жастарға қалалық Ішкі істер басқармасының және ынтымақтас басқа да ұйымдардың алғыс хаттары, естелік сыйлықтары тапсырылды.

Мұндай шараларды өткізудегі басты мақсат, әрине енді ғана жазғы демалысқа шыққан оқушылардың демалысын мазмұнды ұйымдастырып, бос уақытын ұтымды пайдалануға жұмылдыру. Әсіресе қазіргі қоғамда жастардың арасында белең алған қылмыскерліктің алдын алуға бағытталады.

Жалпы айтқанда, оқуды аяқтаған оқушылар сыныптан сыныпқа көшіп, бір жасқа ұлғаюда. Енді олардың оқитын пәндері мен алатын білімі де қиындай түспек. Осы жарыстардың жиі ұйымдастырылуы оқушылардың алған білімін одан әрі арттыруға септігін тигізбек.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА

Оқу орындарында

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП КЕЛЕДІ

Міне, көзді ашып жұмғанша 2023-2024 оқу жылы аяқталды. Өскелең ұрпақ бір жасқа есейіп, білікті педагогтардан сапалы білім мен саналы тәрбие алды. Олардың өмірде жан-жақты кемелденген азамат болып есеюі үшін мектептегі мұғалімдер аянбай еңбек етті.

Алда жадырап жаз мезгілі келеді. Күн шұғылалы елімізде жаз мезгілі ыстық, кейбір аймақтарда ауарайы 50 градусқа дейін көтеріледі. Жылдың төрт мезгілі толықтай өтетін климаты қолайлы жерімізде көптеген жеміс-көкөніс өнімдері тағы бар. Айтпақ болғанымыз, жер жаннатындай болған елімізде жеткіншектерге табиғаттың тартуы кейде кері салдарын да тигізеді. Яғни балалар, әсіресе бастауыш сыныптың балалары рұқсат етілмеген жерлерде шомылып, піспеген, шикі жемістерді жеуі, гигиена ережелерін сақтамаудың нәтижесінде көңілсіз жағдайлардың орын алатыны жасыратын жайт емес.

Сондықтан барлық жалпы орта білім беретін мектептерде, әсіресе бастауыш сыныптарда ата-аналар жиналысы өтті. Онда жаз мезгілінде балаларды қадағалау, уақытын мазмұнды өткізуіне көңіл бөлу, мүмкіндігі барынша түрлі үйірмелерге қатыстырып, кітаптар алып беруі керектігі айтылды.

Ташкент облысының Зеңгіата ауданындағы №4 мектептегі 1-сыныпты екі өзбек және бір қазақ сыныбы бітірді. Тәжірибелі педагог Гүлбаршын Пердебекова алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерді бар ынта-ықыласымен, шеберлікпен білім берді. Отыз жылдан бері білім ордасында еңбек етіп жатқан апай оқушыларға 42 әріп жаттатып, оқу үйретті. Ісіне адал, тиянақты, мейірімді мұғалиманың еңбегіне ата-аналар дән риза. Ол жуырда оқу жылындағы ең соңғы ата-аналар жиналысын өткізді. Жанашыр педагог жаз мезгілінде ата-аналармен байланыста болып, балалардың жақсы демалуы үшін атқарылуы керек болған шараларды түсіндірді.

Бала — болашағымыз. Өмірдің мәні мен мазмұны болған жас ұрпақтың жан-жақты кемел азамат болып есеюі үшін ата-ана материалдық тұрғыдан ғана емес, олардың тәрбиелі, білімді, рухани жетік азамат болуына да әбден жауапты. Сондықтан ата-ана ұстаздармен әрқашан байланыста болып, баланың тәлім-тәрбие алу үдерісіне бір кісідей атсалысса нұр үстіне нұр болмақ.

Рүстем ТӨЛЕНОВ,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.

1 июнь — Халықаралық балаларды қорғау күні

БАЛАЛАР БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Бұл күн — әлемнің түкпір-түкпіріндегі балаларға қуаныш сыйлайтын күн ғана емес, кішкентай балалардың құқығын қорғап, оларға қамқор болуға, қысым жасамауға үндейтін күн.

Дүниежүзінде 1 июнь — Балаларды қорғау күні ретінде аталып өтілетін, тарихи халықаралық мейрамдардың бірі саналады. Оны өткізу жөнінде қаулы 1949 жылдың ноябрь айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданған.

Алғашқы халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізілді. БҰҰ аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды.

Балаларды қорғау күні олардың өмірін соғыстан қорғау, денсаулығын сақтау, болашақ ұрпаққа демократиялық негізде білім мен тәрбие беру жөніндегі барша әлемдегі озық пікірлердің тоғысқан арнасы десек, артық айтқандық емес.

Дәл осы күні болашақта адамгершілікке, әділдікке, бақытты өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі — балаларға барлық жағдай жасалуы керек. Сонда ғана ертеңгі күн болашағымыз болған балаларымыздың шынайы бақытты өмір сүруіне көз жеткіземіз.

БҰҰ-ның жүргізген сауалнамасына жүгінсек, бүгінгі таңда әлемде әрбір оныншы бала үлкендер тарапынан жасалатын зорлық пен зомбылыққа ұшырайды екен.

Әлемде өмірі қатерге толы балалар да баршылық. Аш-жалаңаштық, соғыс, терактілер балалар ғана емес, үлкендердің де психикасына кері әсерін тигізеді. Бұл — қорғансыз балалардың басына түскен үлкен ауыртпалық екендігі шындық.

Қорыта айтқанда, 1 июнь — Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет — болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Білім беру мекемелерінде

ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ ҰШТАСҚАН ОРДА

Қазақ жұрты үшін ғылым мен білімде көшбасшы ғалымдар мекені — Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті екені баршамызға аян. ҚазҰУ мамандықтарының негізін қалаған көшбасшылар мен сол жолды жалғастырушы кейінгі буын ғалымдар есімімен бүгінгі ғылымның тікелей байланысты болатыны да сондықтан. Жоғары оқу орындары аталмыш білім ордасына қарап бой түзеп, онымен ынтымақтастық байланыс орнатқысы келетін осы білім мен ғылымның тартылыс күші. Мұндай беделге университет кезеңдермен кемелденіп, тарих толқынымен толысып, сындарлы жылдарда шыңдалу арқылы жетті.

Білім сапасын бағалайтын QS рейтінгілік агенттігінің зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша әлемдік топ — екі жүз үздік ЖОО-ның қатарына енді.

Халықаралық жетекші сарапшылардың пікірінше, ҚазҰУ қызметтің барлық бағыты бойынша сапалы көрсеткіштерді барынша арттырып отыр. Университет толығымен халықаралық стандарттарға жауап беретін білім бағдарламасына көшкен. Білім ордасының ғалымдары белсенді түрде ғылыми зерттеулер жүргізеді. Халықаралық деңгейде инновациялық жобаларды жүзеге асырады, жаңа технологиялар жасалады. Жоғары импакт-факторы журналдарда ҚазҰУ ғалымдарының жарияланымдары жыл сайын артып келеді. Университет халықаралық әріптестікті кеңейту саласында, академиялық ұтқырлықты арттыруда, әлеуметтік серіктестікті дамытуда өзгелерден көш ілгері келеді.

Жақсылардың көзін көріп, данышпандардың дәрісін тыңдаған, ұлт қайраткерлерінің ұлағатын бойына сіңіріп, санасын байытқан зейінді шәкірттер ҚазҰУ-да оқығанын әрқашан мақтан етеді, сол алған білімдерін сан мыңдаған өзге де ізденушілердің санасына сәуле етіп құя білді. Ұлттық рухтың алтын бесігі болған ұлттық жоғары оқу орны бүгінде есімі елге белгілі, еңбегі халқына таныс ғалымдар мен профессорлардан кенде емес. Олардың қатары көбеймесе, азаймасы анық. Әл-Фараби бабамыздың сөздеріне жүгінсек, оның білім мен ғылым жолындағы даналығы, қиссалары, пәлсапасының мәңгілік “тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы” екенін естен шығармай білім ордамыздың бүгінде отандық білім берудегі басты назарға қойылатын мәселесі — тәрбие мен тәртіп. Соның бір дәлелі ретінде филология факультетіндегі шет тілі кафедрасында 1-курс студенттерімен “Әл-Фараби : Ізгі қала тұрғындары” атты іс-шара өткізді. Бұл шараның мақсаты жаңа келген студенттерді Әл-Фараби бабамыздың адам бойында жалпы көшбасшылық қасиеттердің қандай болатыны, қалай бойға тәрбиелеп сіңдіру керектігі туралы құнды даналығын талқылады. Бақытқа жету және бақытты болу үшін де білім алу керектігіне мән берілді. Бұл қағиданың қанша ғасырларды артқа қалдырылып жазылса да, қазіргі таңда ақпараттық технологияның қарқынмен дамып жатқанда біліммен қатар бақытты бола білу, өзгеге көмектесу арқылы бақытты ете білу қоғамның бірден бір ең маңызды мақсаты.

Білім берумен қатар тәрбиелік мақсаттағы іс-шаралардың мақсаты да осы. Өйткені бұл тек “болар баланы бесіктен” тербетіп қана қоймай, бұғанасы қатпаған ертеңгі ел тұтқасының тәрбиесінде игі іс бола біледі. Ал біздің бәсекеге қабілетті университетіміз осынау қасиетті атты иемденіп жұғысты болсын немесе қойылған нысана болсын деп ырымдағаннан болар, әлем таныған Әл-Фарабиге лайықты, бүгінде әлем таныған университетке айналды! Сәттілік пен жетістіктің мәртебелі биігіне көтерілген қарашаңырақтың бүгінгі болмысы барша қазақтың мақтануына лайық, кемел келешегі бүкіл елдің көшбасшыларын дайындап, дамудың данғыл жолындағы аса жоғары жетістіктері арқылы одан сайын асқақтай бермек.

А.ХАЛЕНОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы.

Ұлағат

ҰСТАЗ — ҰЛЫ ТҰЛҒА

Мұғалім ардақты ұмытылмас,
Өзіме бала күннен үні сырлас.
Нәр алып алғашқы рет сол ұстаздан,
Арманның асқарына ұмтылған жас!

Н.ӘЛІМҚҰЛОВ

Ұстаз... Оңаша отырып ұстаз туралы ойласам, көз алдыма ақ жүректі, жылы жүзді ұстаз бейнесі көрініп қиялға батып кетемін. Ұстаз өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне арнаған асыл жан. Ұстаз — қасиетті мамандық иесі, менің ойымша өте қайырымды, мейірімді, оқушыға деген жәрдемін аямайтын жан.

Ұстаз — шәкірттерін білім нәрімен сусындататын адам. Ұстаз болу барлығының да қолынан келе бермейтін, әрі аса үлкен жауапкершілікті қажет ететін жұмыс. Ұстаз дәрігер сияқты жас оқушылардың болашағына жауапты болады. Ата-анамыз өмірге әкелген күннен бастап жүруге, оқуға, санауға, жазуға, қоғамдық орындарда өзімізді қалай ұстау керек екендігін үйретеді. Дегенмен ата-ананың үйде берген тәрбиесі жеткіліксіз. Ата-анамыздан кейінгі ақылын айтып, ар-ұятты үйретер бірде-бір адам ол — ұстаз.

Осыдан он екі жыл бұрын ең алғаш мектеп табалдырығын аттаған кезімде күлімдеп қарсы алған, қолымнан жетелеп партаға отырғызып, “Әліппе” кітабын ұстатқан, алғаш әріп үйреткен — менің сүйікті де ардақты алғашқы ұстазым — Мария Ташметова. Ол менің ақылшым, алғашқы данышпаным, өмірге бағыттаушым болды. Әліппені жаттатпай қоймайтын. Жаттамай оқуға барған күнім ашуланып, төрт қабырғаның бұрышына тұрғызып та қоятын. Алғашқы ұстазыма дән ризамын. Бәрімізді өз баласындай көріп, ақыл айтып, көп дүниелерді үйретті, өз анаңнан кейінгі қадірлі тағы бір адам болса, ол — алғашқы ұстазым.

Бастауыш сыныпта жылап әрең оқыған Әліппем бүгінгі күні маған “Әдебиет” деген үлкен әлемнің есігін ашты. Осы үлкен есікке барар жолды Эльмира Жұмашова ұстаздан таптым. Алғашқы күннен бастап сабаққа деген қызығушылығымды оятты. Ол өз ісінің шебері де. Ұстаз өзінің ойларын, ақыл-кеңестерін беруге әрдайым дайын тұратын жан.

Әр оқушының пәнді жақсы білуі, меңгеруі оқытатын ұстазына байланысты екені белгілі. Менің осы жетістікке жетуім, студент атанғаныма үлкен үлесін қосқан әдебиет пен қазақ тілін жас кезімнен үйретіп келген ұстазыма алғысым шексіз.

Ғажайып дүние сырын ұқтырып, терең білім берген, үлкен өмірге ақ жол тілеп аттандырған Ташкент облысы, Жоғарышыршық ауданы №27 мектептің ұстаздарына алғысым шексіз. Мектептің тірегі мен жүрегі болған ұстаздар — Кенжегүл Сутенова, Эльмира Жолдасова, Ералы Абдурахимов, Ержігіт Анарбаев, Жахангир Умирбаев, Феруза Айдарова, тағы басқа да мұғалімдер сіздерге тағзым етемін.

Диана МАХАНОВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университінің қазақ тілі және әдебиеті бағытының 1-курс студенті.

Оқушы ойы

АДАМНЫҢ АДАМИЛЫҒЫ ЖАҚСЫ ҰСТАЗДАН

Мектеп — білім ордасы. Осында білім алып, жарқын келешегіміздің іргетасын қалаймыз. Өйткені әр адамның өмірінде мектептің алар орны ерекше. Адамзаттың бәрі мектеп қабырғасында болып, осында өз өмірін қалыптастыра бастаған. Ондағы қызықты сәттер сыныптастармен тікелей байланысты.

Біз білім ошағында тек білім алып қана қоймай, сонымен бірге өмірлік өз жолымызды қалыптастыра бастаймыз. Ортамен, адамдармен қалай қарым-қатынас орнату қажет екенін сонда үйренеміз. Әр сыныпты аяқтаған кездегі үш айлық демалыстың тез өткенін қалап, мектебімізге баруға асығамыз. Ондағы ұстаздарымыз бізге екінші анамыздай өте қамқор, барлық дүниелерді үйретеді. Өмірдегі қиын мәселелердің шешу жолдары мен мамандық таңдап, үлкен өмірге қадам басуымызда да мектеп пен ұстаздық алар орны тым бөлек.

Өмірдің өзі де ұстаз. Бірақ осынау “ұстаз” сөзінің астарында мыңдаған білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншілік жатқанын байқай бермейміз. Ұстаз болу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Шәкірт тәрбиелеу, қанаттандыру, жаны мен тәнін, болмысы мен барын беру тек ұстаздың қолынан келетін қасиеттер.

Мұғалім — ең қиын мамандықтардың бірі. Кішкентай балалардан сымбатты жігіттер мен сұлу қыздарды тәрбиелеу үшін қаншама күш қажет! Әркімнің мектептегі өмірінің барлығы тек оқу үдерісіне ғана емес, сонымен бірге өмірдегі ең жақсы кезеңдердің біріне айналуы үшін қаншама шыдамдылық қажет. Менің ойымша, мұғалім мамандық қана емес, өмір салты да. Өйткені мұғалім әр балаға осы күрделі дүниеде өзін табуға көмектесу үшін күн сайын мектепке бару арқылы өмір сүреді.

Менің мектебімде осындай мұғалімдер өте көп екенін мақтанышпен айта аламын. Әр адамның сүйікті ұстазы болады. Ал менің сүйікті ұстазымның бірі әрі алғашқы ұстазым — Лола Сейдахметова. Алғашқы ұстазым мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, жан жылуын төгіп, бар білгенін үйретіп, өзінің шындалған білімімен бастауыш сынып бағдарламасын терең меңгерткен жан. “Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы”, — деп бекер айтпаса керек. Сондай жақсы ұстанымға ие қазіргі ұстазым — Нигора Каратаева. Ол өз пәнін жақсы көретін және жақсы білетін, ең бастысы, бар білімін шәкірттеріне арнаған абзал жан. Нигора апай әрқашан шәкірттері үшін алаңдайды, балалардың барлығын бірдей жақсы көрді және барша оқушыларға өз балаларындай қарайды. Ол ешкімге ұқсамайтын еңбекқор, адал, білімді және мейірімді мұғалима. Бәрімізді өз баласындай көреді, ақыл айтып, білмегенімізді үйретеді. Оның әрбір сабағы қызықты да, сапалы болып өтеді.

Өмірде өз анаңнан кейінгі қадірлі тағы бір адам болса, ол — ұстаз. Мен ұстаздарымды мақтан тұтамын! Ойымды: “Мен үшін жақсы ұстаз бәрінен де артық, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі”, — деген ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннның сөзімен қорытындылаймын.

Индира ИСАТАЕВА,
Бостандық ауданындағы №6 мектептің 9-сынып оқушысы.

Экология

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

Экологиялық мәселелер мен олардың салдарынан әлемде көптеген проблемалар туындауда. Ауа мен судың ластанып, ормандардың жойылып, биосаналуандылықтың жоғалып, климаттың өзгеруі мен қалдықтардың жиналуы мұның жарқын дәлелі. Бұл проблемалар адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізіп, өмір сүру сапасын нашарлатып, қоғамның тұрақты дамуына қауіп төндіруде. Мысалы, ауаның ластануы респираторлық аурулардың көбеюіне себеп болса, ал климаттың өзгеруі экстремалды ауа райы құбылыстарының жиілігін арттыруда.

Тұрғындарда, соның ішінде жас ұрпақта экологиялық мәдениетті қалыптастыру осы бағыттағы көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі. Әрбір адам қоршаған ортаны сақтауға өз үлесін қосуы тиіс. Ол үшін балаларға мұны отбасында ата-аналары, мектепте оқытушылар, сондай-ақ табиғатқа жанашыр әрбір адам айтқаны, үйреткені маңызды.

Жуырда AKTED Техникалық Ынтымақтастық және Даму агенттігінің еліміздегі бөлімі мен Ташкент облыстық “Гармония” орталығы ынтымақтастықта Критикалық Экожүйелер бойынша Халықаралық қор тарапынан қаржыландырылған “Өзбекстанда табиғатты қорғауды жақсарту үшін азаматтық қоғам ұйымдарының әлеуетін арттыру” жобасы аясында Бостандық ауданы “Сиджак” махалласындағы №43 жалпы орта білім беретін мектепте “Қоғамдар, ауыл әйелдері, оқытушылар және махалла өкілдері үшін биологиялық саналуандылықты сақтау” тақырыбында бір күндік семинар ұйымдастырды.

Семинарды тренер-сарапшылар Бобомурод Эшанқулов пен Наргис Косимовалар өткізіп, қатысушыларға экологияны сақтау өте маңызды екенін айтып, табиғатқа зиян келтіретін іс әрекеттерді тоқтатуға және қызметтерден бас тартуға шақырды. Ауыл туристік аймақ саналады. Сондықтан туристік бағытта бизнес жүргізетіндерге экологиялық таза технологияларды пайдалануды насихаттады.

— Экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін мемлекеттің, оқу орындарының, қоғамдық ұйымдардың және бизнестің келісілген күш жігері қажет, — дейді тренер-сарапшы Б.Эшонқулов.

Білім ордаларының бағдарламаларына экологиялық тақырыптардың енгізілуі өскелең ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастырады. Сонымен қатар көпшілікке арналған мұндай танымдық шаралар мен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Семинардың негізгі мақсаты да осы.

Азаматтар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру қоғамның тұрақты дамуының негізгі факторы саналады. Сондықтан да бұл бағытта бірлесу қажет. Сонда ғана біз табиғатты сақтауға және болашақ ұрпақтың өмір сүру сапасын жақсарта аламыз.

Айгүл ТЕШЕБАЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Туған жерге тағзым

КЕЗДЕСКЕН ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ...

Осыдан 20, 30, 40, 50 жыл бұрын Ташкент облысының Құйышыршық ауданындағы №21 орта мектептің алғашқы табалдырығын аттаған түлектер кездесуге өздерінің алтын ұя мектебіне келіп, оқушы кездерінде өткізген ұмытылмас жылдарын еске алды.

Көңілімізге зор қуаныш сыйлаған бұл кездесудің ерекше тұсының бірі — атажұрттан, сондай-ақ өзге шалғай облыс, қала, аудандардағы сыныптастардың келуі еді. Білім қуып, қызмет бабымен әр қырға самғаған сол кезеңдегі өрімдей ұлқыздар бүгінде үлгілі ата-ана, немерелеріне сүйікті ата-әже, кейбіреулері арқа сүйер аға, тағы біреулері сүйікті жар атанып отыр.

Осынша жылдан соң бас қосқан түлектер ауылға келіп, алдымен кішіпейілділік танытып, ауыл үлкендеріне сәлем беріп, одан кейін өмірден озған сыныптастарын еске алды. Түлектер өздері бір кездері таласа өскен сыныптарында қызықты жастық кезеңдерін айтып, “Дидар” телебағдарламасының тілшісі және режисерімен бірге бүгінгі күн туралы ойларын бөлісті. Соған қоса жаңарған заман талабына сай мектептің материалдық базасымен, білім-тәрбие саласындағы жетістіктерімен танысып, балалық шақтарын еске алды.

Аталған шараны мектеп директоры Амангүл Махмеджанова алғы сөзімен ашып, баршаны айтулы мерекемен құттықтады. Сонымен қатар осы мектепті бітіріп, қазірде түрлі салаларда профессор, ғылым докторы, әскери салада капитан, майор атанып жүрген азаматтарды мақтанышпен тілге алды және биылғы бітіруші жастарды да ерекше ескеріп, олардың алдағы өмірлеріне табыстар тіледі.

Сосын жүргізуші Гүлбахар апай М.Мақатаевтың Отан жайлы тамаша өлеңін шегіне жеткізе оқып, мектеп оқушыларына кезекті берді. Соны күтіп тұрғандай білім ошағының 9-10-11-сынып оқушылары бірінен соң бірі мың бұрала би билеп, көпке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Әрі ұлтаралық татулықты бейнелейтін билерді де билеп, жиналған көпті тәнті етті.

Мектебім бір ғасырдың
белесінде,
Ерлігі азаматтар елесінде.
Жүз жылда талай шәкірт
түлеп ұшты,
Білім алып, ізгіліктің
кемесінде, —

деп ақын жырлағандай бүгінде жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудің қара шаңырағы болып отырған Ташкент облысының Құйышыршық ауданындағы №21 жалпы орта білім беретін мектептің өзіндік тарихы бар. 1936 жылы “Қызылнамуна” ауылының аумағы кеңейе түседі. Алғашқы мектеп сол жылы ашылып, ол 1947 жылға дейін 4-сыныптық бастауыш мектеп болады.

Содан соң 1948-1958 жылдары 7 жылдық мектеп болып, өз жұмысын жалғастырса, 1970 жылға дейін 8 жылдық, 1971-1990 жылдары 10 жылдық мектепке айналады. Міне, сол уақыттан бүгінге дейін екі тілде, яғни, қазақ және өзбек тілінде білім беретін мектеп болып жас ұрпаққа білім беретін қара шаңырақ болып келуде. Мектеп іргетасын қалаған Жаппар Ахмедов ағай 1950-1978 жылдары директорлық қызметін атқарады.

Ал 1978 жылдан 2000 жылға дейін өзінің жан-жақты білімі, беделі басқарушылық қабілетімен Құлынбек Абдуллаев ағай мектеп директоры болып істейді. Осы жылдары білім ордасы аудандағы ең үздік мектептер қатарына еніп, анық пәндер бойынша терендетіліп оқытылатын мектеп-гимназияға айналды. Білім ошағының алғашқы бітірушілерінің бірі болған, жас ұрпаққа білім нәрін беруден аянбаған ұстаз Фарида Есіркепова апай 1993-1995 жылдары алтын ұя мектепте директорлық қызметін атқарды. Ол қысқа дәуір ішінде өзінің елеулі еңбегімен бағаланып, аудандық халыққа білім беру бөліміне әдіскер лауазымына шақырылды. Міне содан зейнетке шыққанға дейін бар ғұмырын оқу-ағарту саласына арнады.

Соң Қалбибі Алиева, Жарылқасын Усманов ағай директор лауазымында істейді. 2004 жылдан бастап қазірге дейін директорлық қызметті ұлағатты ұстаз Амангүл Махмеджанова абыроймен атқарып келеді. Ол осы салаға өзінің бар күш-жігерін аямай жұмсап, әріптестеріне, жас ұрпаққа үлгі болып келеді. Ұстаздық тәжірибесі мол Амангүл апай ұрпағының болашағын ойлап, елдің қамын жеп, мектепке тың идеялар, жаңа ұсыныстар ала келді.

“Істің қалай бітетіні, басталғанынан білінеді”, — деген халық даналығы осы апайға арналғандай. Себебі XXI ғасыр түлектері жан-жақты жаңа педагогикалық технологиялар бойынша білім алуын мақсат етіп, заманауи мектеп іргетасын қалауына өз үлесін қосқан жанкүйер директор.

— Өткен ғасырдың соңғы ширегінде бой көтерген осы киелі қара шаңырақ осы күнге дейін ауыл балаларының білімді, тәрбиелі, жан-жақты кемелденген азамат болып есеюі үшін қызмет етуде. Бұл осындағы білікті педагогтардың міндетін мінсіз атқаруының арқасы, әрине.

— Ынтымағы жарасқан ауыл азаматтары жылда кемелденген киелі ордада бас қосуды әлдеқашан әдетке айналдырған. Биылғы соңғы қоңырау жылдағыдан ерекше өтіп жатыр. Өйткені биылғы кездесуде мектептің сонау алғашқы түлектері көш бастады. Бұдан 50 жыл бұрын алғаш қанаттанған қарлығаштар мен 40, 30, 20 жылдық қарлығаштар бас қосты, — дейді аталмыш білім мекемесінің директоры Амангүл апай.

— Бүгінгі шараның мазмұнды да тамаша өтуіне мектеп ұстаздары, яғни жүргізуші Гүлбахар, сондай-ақ Жамалқожа, Еркін, Бақытжан, Камал, Ибақожа, Нуриддин сынды ағайлар, Алтынай, Феруза, Фарида, Наргиза, Барно, Нұрзия, Айнұр, Дилафруз, Назокат, Гүлайна, Гүлбахар сынды апайлардың еңбегі орасан зор болды. Сонымен қатар мектеп оқушылары да жақсы дайындық жасағанын көрсете алды. Біз айтулы мерекемен мектеп түлектерін құттықтаймыз әрі олардың алдағы жұмыстарына табыстар тілейміз, — дейді директордың рухани-ағарту істері бойынша орынбасары Айдын Құттыбаева.

Кездесуде түлектер өздері білім алып, түлеп ұшқан білім ордасына салмақты сый-сияпатын ұсынуды да ұмытпады. Айтар болсақ, 40 жылдық мерекені тойлап жатқан түлектер алтын ұя мектебінің белсенділер залын жөндеп, жаңалап берсе, 30 жылдықты тойлап отырған түлектер кілем, қаржылай көмек, ал бітіргеніне 20 жыл болған түлектер болса, мектеп оқушыларына спорт киімдерін сыйлады. Олардың бұл игі ісі мектепті бітірген басқа да түлектерге үлгі болды.

Сонымен күн бойы мектебі мақталып, ұстаздары ұлықталып, ұжымы белсенділік танытып, түлектері түлеп ұшқан мереке өз мәресіне жетті.

Мақаланы ақынның төмендегі жыр-шумақтарымен бітіруді жөн санадық:

Сағынған жүрекпенен,
Ең жақсы тілекпенен.
Құшақтап қатты қысып,
Ең жақсы ниетпенен.
Кездескен қандай жақсы,
Жолыққан қандай жақсы...

Құттыбай БАШАРОВ,
журналист.

ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҚ КЕЗДЕСУ

Мектеп әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Жастық шақтың ең тәтті армандары мен естеліктері мектеппен байланысты. Отан кіндік қаны тамған босағадан басталса, өмір жолы мектеп табалдырығынан басталады.

Ташкент облысы, Бостандық ауданы, Ғазалкент қаласындағы №6 мектеп-интернат, қазіргі №54 жалпы орта білім беретін мектеп талай жанның білім алған ордасы. Өткен ғасырда бой көтерген бұл білім ошағы кішкентай бүлдіршіндерді бауырына басып, білім нәрінен сусындатып жылдар бойы шыңдап, кемел, жан-жақты тұлға етіп қалыптастырып, үлкен өмірге аттандырып келеді. Мектеп 1961 жылы құрылып, көп ұзамай өз ісінің шебері — ұстаздар ұжымына айналды. Мектебіміздің түлектері әлемнің ең беделді жоғары оқу орындарында білім алып, халық арасында өз мамандықтарының тамаша шеберлері ретінде танымал. Бұл дәстүр бүгінде де жалғасын табуда. Мектебіміз атақты саясат қайраткерлердің, өнер майталмандарының, Отан қорғаушылардың балалық және жастық шақтарын есте қалдырған ордасы екені бізді мақтаныш сезіміне бөлейді.

Білім ошағы тек дарынды оқушыларымен ғана емес, озық, кемел ұстаздарымен, мақтан тұтар тұлғаларымен танымал. Мектебіміз алдағы уақытта да облыстағы, республикадағы озық оқу орындарының бірі болып қала беретініне сенімдімін. Мен осы мектептің оқушысы болғанымды мақтан тұтамын.

25 майда еліміздің мектептерінде соңғы қоңырау соғылып, жас түлектер өмірлік жоспарларын жүзеге асыру үшін мектеп табалдырығын аттады. Бұл кезеңнен өткендер соңғы қоңырауды еске алып, бүгінгі мектеп бітіруші жастарға шын жүректен тілектерін білдірді.

Жуырда оқу орнын 2004 жылы тамамдаған 20 жылдық түлектер алғашқы ұстаздары Гүлжазира Тілеповаға, Гаухар Құрбанбаеваға, Базаргүл Ертаеваға, Гүлім Кәрімжанқызына арнайы барып, құттықтап, гүл шоқтары мен естелік сыйлықтарын табыс етті.

Мектепке Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінен қонақтар келіп, түлектерге ақ тілектерін арнады. — “Құрметті түлектер, құрметті жастар! Сіздерге айтарым — өмірдегі биік шыңдарды бағындыруды мақсат етініздер, алға ұмтылыңыздар, батыл қадам жасаңыздар. Еңбекқор және жауапты болыңыздар! Қай саланы таңдасаңыз да табыстың, сәттілік пен жоғары нәтиженің алтын ережесі — осы екі фактор: еңбекқорлық пен жоғары жауапкершілік! Әрине, кәсіпкерлік болсын, мемлекеттік қызмет болсын, шығармашылық болсын, біздің барлық іс-әрекетіміз Отанға, халқымызға деген сүйіспеншілікке негізделуі керек! Міне, сол кезде биіктер сіздікі. Жаңа тәуелсіз өміріңізде толағай табыстар тілеймін. Мақсаттарың айқын, жолдарың ашық болсын”, — деп тілектерін білдірді.

Е.АЙДАРОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті Бастауыш білім беру факультеті Жастар рухани-ағарту істері бойынша декан орынбасары п.ғ.д. (PhD), доцент.

САҒЫНЫШПЕН ЖҮЗДЕСУ

Үстіміздегі жылдың май айының 24 жұлдызы. Таңертең қабақ шытқан бір ғана Сәмсерек ауылының аспаны емес. Тұнжыраған аспан күркіреп, Ташкент облысының барша жерлерінде кегі бардай таңертеңнен сіркіреген жаңбыр жауып, соңынан себелеген жаңбыр нөсерге айналды. Менің жүрегімді қорқу сезімі биледі. Құлназар аға мына жауында кездесуге келе алар ма екен, деген күдік те пайда болды.

Босқа күдіктенген екем. Ақын ағамның Нұржан есімді ұлымен сағат онға жақын жеңіл көлікпен мектепке келгенін көріп қуанып қалдым. Мектеп ұжымы, оның директоры және ауыл, жұртшылық алдында жүзім жарық болатын болды.

Туған жерін, ауылын сағынып кездесуге келген ақын-жазушы, журналист ағамызды мектеп директоры Хайрулла Инабатов, оқытушылар және ауыл тұрғындары құшақ жая қарсы алды. Қуанышқа орай нөсер де баяулап, аспан жадырай түсті.

Ұқыптылықпен безендірілген мектептің мереке залында кездесу де басталып кетті. Паркент ауданы, Сәмсерек ауылындағы №28 жалпы орта білім беретін мектептің директоры Хайрулла Инабатов кездесу кешін ашып, сөзді кездесу себепшісі Құлназар ағаға берді. Ақын ағамыз кездесуді ұйымдастыруда белсенділік танытқан мектеп директорына ауыл тұрғыны Алтынбек Серкебаевтарға және директордың рухани-ағарту істері бойынша орынбасары Әсілқожа Абдуллаев, оқытушы Қаржау Ибрагимовтарға өз ризашылығын білдірді. Мектеп кітапханасына арнайы алып келген 40-50 шақты көркем әдебиет кітаптарын сыйға тартып, оларды директорға тапсырды.

Кітаптардың ішінде өзбек тілінде жарық көрген орыс классик жазушылары А.Пушкин, Л.Толстой, М.Шолоховтардың және өзбек халық ақындары М.Тоир, Мухаммад Али, тағы басқа ақындардың өлең кітаптарымен, бірге көптеген қазақ ақындарының жинақтары, Мұзаффар Әлімбаевтың бес томдық шығармалары бар. Ақын өзінің өмірі жайлы қысқаша айтып өтіп, соңынан өлеңдерін оқыды, Туған жер туралы толғауын оқығанда залда отырған қауымның ұйып құлақ түргендеріне қарап толғаудың, жұрт жүрегіне жеткенін байқадым. Кезек мектеп өнерпаздарына беріліп, бастауыш сынып оқытушысы Дамира Хасанова дайындаған биді, 4-сыныптың оқушы қыздары орындаса, ауыл жастарынан Досжан Фазилов гитарада, ал Феруза Көрікбаева домбырамен орындаған қазақ әндеріне барша залдағылар риза болды.

№28 жалпы орта білім беретін мектепте 635 оқушы қазақ-өзбек сыныптарында білім алады.

Кездесуде мейрам күндеріне арналған концерттік бағдарламаларды дайындауда директордың орынбасары Әсілқожа Абдуллаевтың еңбегін атап өту қажет деп ойлаймын.

Құлназар аға мектеп оқушыларына болашақта өздеріне мамандық таңдауда адаспауларын айтты.

Өмірден мысалдар келтіре әңгімелеп берді. Көптеген өлеңдерін оқыды. Әсіресе “Жаңа Өзбекстан тынысы”, “Арман”, “Ақын ары”, “Қайта оралса” т.б. өлеңдері жырсүйер қауымның құлақ құрышын қандырды.

Кездесу соңында ақын-жазушы Құлназар Ибрагимов ағаға ауыл атынан шапан жаптық.

Туған ауылын сағынып келген ақын ағамыз, кездесуді ұйымдастырғандарға өзінің ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта оларға үлкен табыс тіледі.

Алтынбек СЕРІКБАЕВ,
Ташкент облыстық қазақ мәдени орталығының басқару мүшесі, қоғам қайраткері.

Нұрлы жол
Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!
ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июньде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Офсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 4214

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

Кезекші редактор: Жаннат МОЛДАШЕВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurlijol2022@umail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табақ. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 626.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 02.00
1 2 3 4 5 6

http://teletype.in/@nurlijol.uz/ https://t.me/nurlijol1991 https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738